Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!



www.farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

# Farabı shákirti

№02
ақпан
2024

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Ұлытау - тарих куәгері.
Теректі Әулие петроглифтері



# Құрметті ата-ана!

Ұл-қызыңыздың шығармашылықпен айналысатыны сөзсіз. Алайда жазған мақаласын, шығарған өлеңі мен жетістігін, салған суреттерін жариялайтын журнал бар, «Farabi shakirti» - деп аталады.


«Farabi shakirti» журналына 2024 жылдың 9 айына жазылу жалғасуда. **Индекс: 76081**

**Қала бойынша:** 1 айға жазылу бағасы – 526,90;
9 айға жазылу – 4742,10.

**Ауыл/село бойынша:** 1 айға жазылу бағасы - 531,20;
9 айға жазылу – 4880,80.






Журналдың электрондық нұсқасына да жазылуға болады.

**Индекс 26081**

| | | |
|---|---|---|
| **Қала бойынша:** | 6 ай – 3079,80. | 12 ай – 6159,60. |
| **Ауыл/село:** | 3105,60, | 6211,20. |

Балаңызға қай нұсқаны жазып берсеңіз де тиімді.

farabishakirti.kz;

farabishakirti.kz әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!

farabishakirti.kz әлеуметтік желісінде де бармыз. Тел: **87017309312**



**Farabı shákirti**

**№02 (54) ақпан, 2024 жыл**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

**Редакцияның мекенжайы: 040600**
**Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81**
**87017309312**
**E-mail: farabi_shakirti@mail.ru**
**ТАРАЛЫМЫ– 228 ДАНА**

Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК № KZ92VPY00083151
Астана қ. Берілген күні: 04.12.2023 ж.
Атауы: сетевое издание,www. farabishakirti.kz
Тілі: казахский
Шығу жиілігі: 1 раз в месяц
Меншік иесі: ТОО "MODERN MEDIA ALMATY" ЖШС
Тақырыптық бағыты: Мектеп мұғалімдері мен орта және жоғары оқу орындары оқытушыларына, сала мамандарына, магистранттар мен жасөспірімдерге арналған Республикалық желілік басылым-сайты
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 17.02.2021, KZ43VPY00032526



Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# Әбу Райхан Бируни

**Ұстаз Абдулхамид Нирнури**

*"Әбу Райхан Жердің Күнді айналу мүмкіндігі жайлы ашық әрі еркін сөйледі. Жер қозғалмайды деп дәлел келтіргендерге жауабында "Жер қозғалады, ал Күн қозғалмайды. Жер бетіндегі заттардың ғарышқа ұшып кетпеуінің себебі мынада: Жердің ортасында бір күш бар, ол заттарды өзіне тартып тұрады және Жер қозғалған кезде заттардың ғарышқа ұшып кетуіне кедергі жасайды деген».*



Тек Ислам әлемінде ғана емес бүкіл дүние жүзіндегі дәуірінің ең ұлы ғалымы болған Бируни 973 жылы Хорезмде туылған. 1049 жылы Ғазнада қайтыс болған. Есімі Мұхаммедбин Ахмед әл - Бируни, лақабы Әбу Райхан.

Анасы оны қиын шақтарда, отын сатып өсірген. Бала кезінен ғылымға және зерттеуге ынталы болған. Харезм шахтарының қамқорлығына алынып сарай тәрбиесімен өскен. 17 жасынан бастап жетістіктерімен көріне бастаған. Атақты ғалым Әбул Уәфаменен астрономиялық бақылаулар жасады. Ғазналық Махмуд хан Үндістанды жаулап алғанында ұстаздарымен Бируниді де ол жаққа алып барды. Араб, Парсы, Иврит, Рим, Сирий, Грек және Қытай тілдерін жақсы білетін.

Математика, астрономия, геометрия, физика, химия, медицина, фармацевтика, тарих, география, этнология, геология, діндер және мазһабтар тарихы сияқты 30 - ға жуық ілім салаларында еңбектер жасап жемісін берді.

**Әбу Райхан Бируни:**

* Жердің домалақ және айнала қозғалуда екендігін, жерде тартылыс күші бар екендігін Ньютоннан қаншама ғасырлар бұрын анықтаған.

* Сол дәуірде Мейірімді Үміт мүйісі туралы, Кристофор Колумбтан V ғасыр бұрын Америка материгі туралы және Жапония туралы алғаш айтқан.

*Геометрияны ботаникада қолданды.

* Айдың, күннің және жердің қозғалыстарын зерттеп, бүгінгі нәтижелерге қол жеткізген.

* Материктердің солтүстікке қарай жылжуы туралы пікірді алғаш айтқан.

*Аурулар туралы да өте көп білген. Қай шөп қай ауруға дауа болатынын білген.

*Алгебра, геометрия, география салаларында заманының ең білімдісі ол еді.

*Тригонометрияны астрономиядан бөлек бір білім саласы етіп бөлді.

*Алғаш рет жердің диаметрін өлшеген. Бұл өлшемі қазіргі өлшемге дәлме дәл келуде. Еуропада мұны Бируни жүйесі деп атайды.

*Тығыздық өлшеу құралын (пикнометр) тапты және ыстық сумен суық су арасындағы тығыздық айырмашылығын 0,041677 деп анықтады.

*Махмуд, Сәбуктәкин және Харезмнің тарихтарын жазды.

*Салыстырмалы діндер тарихының құрушысы болып саналды.

*Ғылымның барлық саласына жарамды 180-ге жуық еңбектер жазды.

* “Айтқандарымның ішінде ақиқаттың сыртына шыққандары болса Аллаһқа тәубе етемін. Барлығы Оның қолында” деп айтатын.



*Әл - Бируни кітабындағы айдың түрлі фазалары көрсетілген кескін*

Bilimall.kz


Айтжан Мұрзанов(фото)

# Ана

Құлайын деп бара жатам құлдырап,
Көңілім жүдеп, көзім алды бұлдырап,
Сол кезде бір ән естимін жақыннан,
Аққан бұлақ секілденген сылдырап.

Есім жиып, өз бойымды тік ұстап,
Тіршіліктің әуенімен тыныстап,
Сергимін де, сезім гүлін құлпыртам,
Кел дегендей болады бір күміс бақ..

Сөндім-ау деп, өлдім-ау деп ышқынып,
Қалған кезде бойымдағы күш бұғып,
Сөнбейсің деп дауыстайды анашым,
Мен орнымнан жығыламын үш тұрып.

Ойнап шығам содан кейін құрақтай,
Жарқылдаймын жүрегімді жылатпай,
Мүмкін,мүмкін ана махаббаты шығар бұл,
Мені сүйеп келе жатқан құлатпай.

# Борыш

Лыпылдап түскеніммен жылдам көзге,
Мен жолдас таба алмадым жырдан өзге.
Қайғыны шабу керек қылышпенен,
Ай-күнің сені аялап тұрған кезде.

Арала дүниені ден сауында,
Бергені саған Құдай берсе ауылға.
Дайында қызыңа да жасауды ерте,
Тайын да көрсетіп қой асау ұлға.

Ұйқыдан жүр өзіңді кіл оятып,
Ойлану, ояу жүру - о да бақыт.
Әкелік борыш деген борышыңды
Ұмытып кетіп жүрме Құдай атып.

Жансың ба жаурағанға от беретін,
Жомарт бол аздың өзін көп көретін.
Ағалық борыш та бар атқаратын,
Бір өзің іні алдында өткеретін.

Қайғыны, бірге көрдік қуанышты,
Көгіне кеудемізден қыран ұшты.
Борыш бар азаматтық ел алдында,
Қалай да өтеу керек сол борышты.

# Елтаңба

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй.
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй.

Бұл таңбасы елімнің –
Елдігімнің белгісі.
Мұнда да бар ерлігім,
Мұнда да бар жер күші.

Қара шаңырақ – ел күні,
Асқақтатып тұр мұны.
Елтаңбасы – елдігім,
Елдің тыныш тірлігі.

# Біздің ту

Айнымайды аспаннан
Біздің тудың бояуы.
Оны халық қашанда,
Биікке іліп қояды.

Көк аспанда қызыл күн,
Көк аспанда жас қыран.
Естілгендей біздің үн
Сол ғарыштың астынан.

Жанатындай өзі отша,
Жалын шарпып бетіңді.

Тұымыз да қазақша
Сөйлеп тұрған секілді.

Тұымызға жас түнған
Бір қарамай өтпейміз.
Сол көк тудың астында
Көгереміз, көктейміз!

## Сәуір келгенде

Сәуір күні жаңбырлы ма, желді ме,
Қабағынан шуақ шашты келді де,
Алты ай қыста үйден шықпай отырған
Атама өзі жұмыс тауып берді де.
Бақ ішіне ертіп барды атамды,
Атам күннен таусылмайтын от алды.
Ауламызға егіп жатыр алма ағаш,
Алмаға бір тойдырам деп ботамды.
Ботасы мен алмаға бір тоймайтын,
Іші пысса, күшігімен ойнайтын,
Кәмпит те бар, өрік те көп, алма көп,
Атам бар да менің қамымды ойлайтын.
Өзі ақылшы, өзі қамқор, өзі бек,
Ботасына үйрететін сөзі көп.
Атам еккен ағаштарға су құйдым,
Жемістерін берсе екен деп тезірек.

## Атаммен шөпке барғанда

Жаздың бір жақсы күні еді
Атаммен шөпке барғанда.
Еріді дала жүрегі,
Торғайлар ән сап бар маңда.
Шын шаруа болсам, байыр ма ем,
Айтпай-ақ қойып ар жағын?
Арбаға шөпті айырмен
Жаймалап сала алмадым.

Демалған болдым бір уақ,
Сені уақыт күтіп жата ма?
Жерден де шөпті іліп ап,
Әпере алмадым атама.

Қасқиған жолдың даламен
Бетіме қонды бар шаңы.
Жақтырмай маған қарады,
Әбден-ақ атам шаршады.

Таңертең қойға ермеген
Тоқтыдай болдым көтерем.
Тесігін көрсем жердің мен,
Кіріп-ақ тіпті кетер ем.

Терледі, терең күрсінді,
Қиналды Тұмаш балапан.
«Не деген олақ итсің» деп,
Ұрысқан жоқ маған жан атам.

## Данияр бала

Данияр отыр, міне, сурет қарап,
Ұшырып әкетердей көңіл қанат.
Қайтсем де туған елге апарам деп,
Бір батыр келе жатыр күнді арқалап.

Данияр сол суретке қарады да,
Қуаныш үйірілді қабағына.
Қызықтап көп отырды күн суретін,
Ұнатты күн көтерген баланы да.

Дүние жарылқанып тұр жасарып,
Үніне кең даланың үн қосылық.
Ұнады енесіне ерген бұзау,
Құлын да құлдилаған қырда шауып.

Ұмытып сыпайылық, парасатты,
Тал түсте қасқыр келіп қойға шапты.



Қасқырдың озбырлығын ұнатпады,
Журналдың Данияр бала бетін жапты.

## Жайлау ғой мынау жарасқан

Жайлау ғой мынау жарасқан
Арал – төбе бауыры.
Төбеден неге әрі асқан
Сәулешімнің ауылы

Төбеден төмен қараймын
Ақ үйлер қатар тігілген.
Көрінші көзге, арайлым,
Көрінші, іздеп тұрмын мен.

Болмаса егер бұл төбе,
Көрші ғой ауыл тым жақын.
Кеше де, мейлі, ерте де
Өзіңді көріп тұратын.

Тілегім неткен көп еді,
Жүрегім тұр ғой от алып.
Осынау тұрған төбені
Тастар ма еді қопарып!

Тұманбай Молдағалиев
Bilim-all.kz



# Қасым-Жомарт Тоқаев Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика орталығына барды

**Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары кезінде Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика орталығын және оның базасында ашылған Жеңіл атлетика бойынша облыстағы балалар мен жасөспірімдерге арналған олимпиадалық резерв мектебін аралап көрді.**




Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова Президентке оқу-жаттығу жиындарын жыл бойы тұрақты түрде өткізу үшін орталықта барлық жағдай жасалғанын айтты. Мектеп ашылған сәттен бері Қазақстанның жеңіл атлетикадан барлық қысқы чемпионаттары осы жерде өткізіліп келеді.



**Бүгінде орталықта 713 жас өрен жаттығады. Олар республикалық және халықаралық жарыстардан ұдайы жүлделі оралады. Спортшылар 2023 жылы 281 медаль жеңіп алған.**

Ольга Рыпакова елімізде жеңіл атлетиканы дамытуға қатысты бірқатар ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, ол өңірде спорт медицинасы орталығын құру маңызды деп санайды. Бұл Алтайдың әсем де жанға жайлы табиғаты аясында өтетін жеңіл атлетика бойынша оқу-жаттығу жиындарын емдеу-оңалту процедураларымен сабақтастыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, 2015 жылдан бастап спорт аренасында Олим-

пиада чемпионы Ольга Рыпакова атындағы турнир өткізіліп келеді. Аталған жарысқа World Athletics Continental Tour деңгейі берілген. Яғни, бұл спортшылар әлемдік рейтингте ұпай жинай алатын ең жоғары деңгейдегі сайыс саналады. Даңқты спортшы осы турнирдің мәртебесін «күміс» деңгейге дейін көтеруге ықпал етуді сұрады. Ол үшін жеңіл атлетика манежінің жабындысын жаңарту, сондай-ақ жүлде қорының сомасын арттыру қажет. Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен ШҚО әкімі Ермек Көшербаевқа аталған мәселені бақылауға алуды тапсырды.

Содан кейін Президент спортшылармен әңгімелесіп, мемлекет спорт инфрақұрылымын жақсартуға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

**– Мұнда балалардың футбол ойнайтынын, жеңіл атлеттердің жаттығатынын көріп отырмын. Әрине, спортпен айналысу керек, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстанған жөн. Мен спортты дамытуға баса мән беремін. Баршаңыздың мықты спортшы болуларыңызға, қоғамның басқа да салаларында жетістікке жетулеріңізге тілектеспін. Басты міндет – еліміздің лайықты азаматы болу. Сіздерді мықты маман, Олимпиада чемпионы, спортта үлкен жетістікке жеткен бапкер жаттықтырады. Сондықтан үлгі алатын адамдарыңыз бар, – деді Мемлекет басшысы.**

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа жергілікті жеңіл атлеттердің басты жетістіктері жөнінде мәлімет берілді. Атап айтқанда, 2023 жылы Астанада өткен Азия чемпионатында Надежда Дубовицкая әйелдер арасында биіктікке қарғып секіруден алтын медальға ие болды. Жақында Тегеранда өткен жеңіл атлетикадан XI Азия чемпионатында Елизавета Матвеева жеңімпаз атанды. Ал өткен жылғы VI Республикалық спартакиадада аймақтың жеңіл атлетика құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды.

**Akorda.kz**



# Ұстазға шынайы ықылас

Ғани Бейсембаев 100 жасқа толған шымкенттік ұстазды мерейтойымен құттықтады. Розум Валентина Ивановна ағылшын және неміс тілдерінен сабақ берген ардагер.

SMARTNEWS басылымының хабарлауынша, екі шетел тілдерінің мұғалімі  В. И. Розум таяуда 100 жылдық – Ғасыр тойын атап өткен болатын.

Оқу - ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлы ғасыр жасаған құрметті педагогқа арнайы барып, туған  күнімен құттықтады.  Валентина Ивановна саналы ғұмырын ағартушылық қызметке арнап, Шымкент қаласындағы №8 және №20 жетекші гимназияларында еңбек етті. Қартайған шағына қарамастан ардагер ұстаз әлі күнге дейін өз кәсібіне адал, тіпті шөберелеріне тіл үйретеді.

— Мен күн сайын білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырамын. Біздің президент мұғалімдерді, әсіресе ауылдық мұғалімдерді қолдау үшін айтарлықтай шаралар қабылдауда. Бұл бізді қуантады. Өйткені, бәрі мұғалімге байланысты және бала барлық білімді мұғалімнен сіңіреді. Мұғалім - біздің қоғамды тәрбиелеудегі басты буын, - деп атап өтті педагог.

Ұстазбен әңгімелескен министр құрметті ардагерге орасан зор еңбегі, адалдығы және бірнеше ұрпақты тәрбиелегені үшін алғысын білдірді.

—  Біз өзіңіздей ұстаздарды мақтан тұтамыз. Бүкіл педагогикалық қоғамдастық сіздерден үлгі алады. Сіз педагогикалық  мамандықтың бейнесісіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін, - деді министр.

Сондай-ақ, Ғани Бейсембаев педагогқа өткен жылы министрлік жанынан ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мақсатында педагогикалық еңбек ардагерлерінің кеңесі құрылғанын, еліміздің 20 өңірінде бөлімшелері ашылғанын айтты.

— Біз көп жылдық тәжірибесі бар әріптестеріміздің кәсіби көмегіне сенеміз. Осы бағытта күш-жігерімізді біріктірсек, балаларымыз үшін барынша жағдай жасауға мүмкіндік туатынына сенімдімін, - деді министр.

Ал, Валентина Ивановна өскелең ұрпақты жанқиярлықпен жұмыс істеуге, өз елін сүюге және патриот болуға шақырды.

**smartnews.kz**

# МЕКТЕП - КЕМЕҢГЕРЛІКТІҢ КІЛТІ




**Гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқыту бағыты таңдалып, 2021 жылы сәуір айында Абай атындағы Алматы облыстық мамандандырылған гимназия-интернаты болып аталды.**



Көпшілікке аталған мектеп еліміздегі теміржолшылардың балаларын оқытатын мектеп – интернаты ретінде таныс. Мектеп – интернатты қаншама түлек бітіріп, Республикамыздағы іргелі өндіріс орындары, білім беру мен құқық қорғау салаларында жемісті еңбек етті. Олардың алдыңғы легі қазір зейнеткер қатарында болса, кейінгілері еліне адал қызмет етуде. Әрқайсысы бір әулеттің иесі – ұл – қыз тәрбиелеп қатарға қосқан ата – ана. Кейінгілері де өздері оқыған мектеп – интернатын мақтан тұтып, қалаған салада жемісті еңбек етуде.

Жаңа заман үрдісі бойынша білім беруде көптеген мектептердің жетістігі, ұстаздары-



ның жаңашылдығы мен шәкірттерінің білімдегі көшбасшылығы, ата – аналардың мектеппен байланысының нәтижелері айтылуда. Алматы қаласы, Түрксіб ауданы аймағындағы Абай атындағы Алматы облыстық мамандандырылған гимназия - интернатының бала тәрбиелеу мен оқытудағы игі істерімен таныспақ болып, келген едік. Гимназияның сыртынан – ақ ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізілгенін көрдік. Табалдырықтан аттағанда, бір жаңашылдықтың бары байқалды. Гимназия – интернат директоры БАЙСАРИЕВА Алия Қожаққызымен таныса келе мектептегі өзгерістер жайлы әңгімеледік.

Алия Қожаққызы еңбек жолын 1990 жылы Райымбек ауданы, Қарасаз өнер мектебінің домбыра сыныбының мұғалімі болып бастады. 1991-1994 жылдары Кеген балалар музыка мектебінде, 1994 - 2002 жылдары Алматы қаласы №2 мектепте, 2002 жылдан Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылы, Ұзақ Бағаев атындағы мектепте музыка пәні мұғалімі болып жұмыс істей жүріп Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді. 2006 жылдан аталған мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,




2010 - 2013 жылдары педагог - ұйымдастырушы, 2013 - 2022 жылдар арасында Ұзақ Бағаев атындағы орта мектеп директоры қызметін атқарды. 2022 - 2023 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, «Қоянқұс» ауылы, №47 орта мектепте директордың оқу - ісі жөніндегі орынбасары, 2023 жылдың 19 желтоқсанынан Абай атындағы - гимназия интернатының директоры.

—Мен 2023 – 2024 оқу жылы желтоқсан айының 19 - да Абай атындағы гимназия – интернатына директорлық қызметке Алматы облысы білім басқармасы жариялаған конкурс арқылы өтіп, тағайындалдым. Ұстаздармен таныстым. Педагогтар ұжымы негізінен жастар екен. Тәжірибелі, бала оқытудағы өнегесі мақтауға тұратын ұстаздарымыз да бар. Оқушыларымыз да білімге құштар жасөспірімдер. Гимназия – интернат болған соң күндіз және түнде кезекшілік өткізетін тәрбиешілеріміз де балаларға өз баласындай қарайтын жандар. Кез келген мектептің алға қойған мақсатының орындалуы үшін ең алдымен ұжым арасындағы сыйластық, бір – біріне деген құрмет және өз мамандығына деген адалдық, жауапкершілік, шәкірттер алдындағы баладай таза көңіл қажет. Мен ұстаздардан осы аталған қағидаларды байқадым. Алдағы уақытта бірлесіп, гимназия оқушыларының білім сайыстарына, шығармашылық байқауларға қатыстыра бермекпіз. Оқушы жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі, - дейді А.Байсариева.

Мектеп туралы әңгіме бастағанымызда, оның тарихына тоқталмай кете алмаймыз. Жоғарыда атап айтқандай, еліміздегі теміржолшылардың балаларын оқытатын мектеп – интернаты 1958 жылы алғашқы оқу жылын бастаған. Алматы облысы әкімінің бұйрығымен 2004 жылы Алматы облысы білім басқармасына қарасты №15 мектеп – интернаты болып, қайта бекітіліп, әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған отбасы балаларына арналды. 2014 – 2015 оқу жылында мектеп – интернатқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Пән кабинеттері әл – Фарабидей ғұламадан бастап, Абай Құнанбайұлы, М.Әуезов, М.Мақатаев сынды тұлғалардың есімімен аталып, сынып маңдайшасына тақтайшалар ілінген. Тұтас қабырғаға дана Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінен ғибратты сөздері жазылған.

Пән кабинеттері білім берудегі заман талабына лайық жабдықталған. Кітапхана, спорт залы оқушылардың сүйікті орындарының бірі. Интернатқа да жаңа жабдықтар қойылып, кең асхана қажетті жиһаздармен жабдықталған. Лабораториялық кабинеттер бар. Абай есімі берілгендіктен, мектепте шығармашыл шәкірттер ортасын қалыптастыру қолға алынған. 2021 – 2022 жылында алғашқы дарынды балалар қабылдана бастаған. Сондықтан, бастауыш сыныптар жабылып, мамандандырылған гимназия – интернатына 5 – сыныптан оқушы қабылданады. Республикалық «Дарын» әдістемелік орталығының арнайы тестінен өткен 50 – ге жуық бала оқытылуда. Гимназия интернатында 250 – ге жуық оқушы білім алып, тәрбиеленуде. Республикалық дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін



тереңдете оқытатын гимназия – интернаттың ұйымдастыруымен Республика бойынша барлық облыстарды қамтитын «желілік Абай мектептері» - орталық жүйесі жұмыс істейді.

## Білім мен тәрбие жетістігі

Абай атындағы гимназия - интернатында ғылыми білімді насихаттау және оқушылардың ғылыми іске қызығушылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау мақсатында өткен облыстық мектеп аралық пәндер олимпиадасының марапаттау рәсімі атап өтілді. Әрбір оқушының білім деңгейлері таразыланып, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар озат оқушыларымыз – олимпиада жүлдегерлері әділ түрде анықталып отыр. Атап айтсақ, 1- орын иегерлері - Едилбаева Каусар, «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша жетекшісі - Мусаева Қалдыгүл;



Қуандық Санжар, Нұржанқызы Ақерке – «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша жетекшісі -  Жанат Сеитханқызы II - орын: Иманбек Аяужан «Тарих» пәні бойынша жетекшісі - Жақан Юсуф; III - орын иегерлері -  Көшербаев Досбол,  Қайрат Бекарыс. Физика және информатика пәндері бойынша жетекшілері – Жанар Абибулақызы мен Арай Байғазы.

Гимназия – интернаты оқушыларының білім сайыстарындағы жетістіктеріне қысқаша тоқтала кетсек, биыл, яғни 2024 жылы  10 - сынып оқушысы Қуандық Санжар – Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының облыстық кезеңінен I - орын;  9 - сынып оқушысы Нұржанқызы Ақерке - Республикалық жалпы білім беретін пәндер олипиадасының облыстық кезеңінен I - орын-



ды иеленді. Өткен оқу жылы Нұржанқызы Ақерке V - Республикалық «ДІЛМАР» шешендік өнер байқауына қатысып, арнайы жүлдеге ие болып, жүлде қорының  ақшалай 20000 теңге сыйақысымен марапатталды.  Иманбек Аяужан - II Республикалық Балалар оқуының облыстық кезеңінде III – орын иегері атанды. Гимназияның оқушылары Талғат Мерей - «АҚБЕРЕН» Республикалық өнер байқауының облыстық кезеңі, «Эссе жазу» номинациясы бойынша III -  орын; Нұржанқызы Ақерке, Ерман Айнара - Республикалық желілік  Абай мектептері арасында Д.А.Қонаевтың 110 жылдығына орай өткен «Өз заманының заңғары» байқауының «Үздік бейне түсірілім» номинациясы бойынша II – орынға ие болды. Нұржанқызы Ақерке - IV республикалық «ДІЛМАР» шешендік өнер байқауында Абай Құнанбайұлы атындағы арнайы жүлде 20000 теңге сыйақыға ие болған еді. Оқушылардың осындай жетістікке  жетуіне жетекшілік еткен Жанат Сеитханқызы.

Аймбетова Ақбота Жеткергенқызының жетекшілігімен Республикалық «Ділмар» клубының 5 жылдығына орай ұйымдастырылған «Бабалар» мұрасы байқауы өз мәресіне жетіп, жүлделі I - орынды мектебіміздің 8 «Ә» сынып оқушысы Бырқия Майра жеңіп алды! Жеңімпазға жарыстың




бас демеушісі Қизат Тілеуберді мырза 15000 теңге ақшалай сыйлық табыстады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің онкүндігі аясында шешендік өнер  арқылы оқушыларға сөз өнерінің ерекшелігі мен жүйелі сөз саптау  шарттарын меңгерту,  көркем сөйлеу дағдысы мен  шеберлігін  шыңдау мақсатында Абай атындағы Республикалық мектеп оқушылары мен Абай атындағы Алматы облыстық  гимназия - интернатының 8 - сынып оқушылары арасында Жалмаханова Жайна Әбдінабиқызының жетекшілігімен жекпе - жек шешендік сайысы өтті. Екі мектептің 8 – сыныптарынан құралған сөз додасында хакім Абайдың рухани мұрасы, шешендік сөздің маңызы, тәуелсіздік  тақырыптары туралы сүбелі сөз айтылды.






Байқауда Саин Мөлдір - Бас жүлде; Бырқия Майра - І орын; Данышбай Мерей - ІІ орын; Қанат Мирас – ІІІ орын алды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Нұрғалиева Жанар жаңашыл бағдарламада сынып жетекшілерімен және сынып тәрбиешілерімен бірлесе отырып, мектеп оқушыларының оқуға деген құштарлықтарын ашу мақсатында түрлі шаралар өткізілуде. Бір аптада қазақтың танымал ақын - жазушыларының бірін таңдап, таңдалған тұлғаның түрлі шығармаларын талдап, талқылады. Шараға оқушылар белсенді қатысып, шығарма негізде ойларымен бөлісті. Оқушылар арасында ұстаздар және тәрбиешілермен тәрбие саласында да көптеген шаралар бірлесіп өткізілуде.

Гимназия – интернат асханасында азық – түлік жеткілікті. Оқушылар асханада тамақпен арнайы кесте бойынша толық қамтылған. Балаларды әңгімеге тартқанымызда, асхана тамағы ұнайтынын



шын көңілімен айтты. Гимназия шәкірттері ұлттық киімімен ерекше көрінді. Ана тілінде сөйлеу, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу – ұстаздардан, отбасында ата – анадан алатын өнеге.

— Дарынды балаларға арналған мектеп – интернатты 2013 - 2023 жылдар аралығында басқарған, мектеп қабырғасында 10 жыл қызмет етіп, білім мекемесінің танылуына аянбай күш – жігерін жұмсаған өз ісінің білікті маманы, жігерлі басшы Ақылбекова Алия Бақбергенқызының сіңірген еңбегі орасан деп айтамын. Шәкірттеріміздің мен директорлыққа келгеннен бергі уақыттағы білімдегі жетістіктерін атап өттім. Алдағы уақытта ұстаздар және тәрбиешілер, ата – аналармен бірлесіп, оқушылардың білім сайыстарында жан – жақты танылуына жаңашылдығымызды, тәжірибеміз бен біліктілігімізді жұмсаймыз деп сенеміз, - дейді Алия Қожаққызы.





Гимназия – интернатындағы балалардың шын бағбаны – тәрбиешілер: Анаркулова Рабиға, Суванбаева Шолпан, Амиркулова Динара, Қайырбекова Қарлығаш, Жаңбырбаева Қарлығаш, Ханыбекова Әсел, Исабаева Жазира.

**Ж.Кучукова,**
**Республикалық бас редакторлар клубының мүшесі**



# «Өз балаларымның, немерелер мен шеберелерімнің жарқын болашағына сенемін»






**Рафиқа Бекенқызы Нұртазина – отандық педагогиканың негізін салушы, реформатор - ұстаз, Социалистік Еңбек Ері, Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі, Алматы қаласының Құрметті азаматы.**
**Рафиқа Нұртазина Қазақстанның халық ағарту жүйесінің озаты, көрнекті ғалым, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері.**

Рафиқа Нұртазина 1921 жылғы 8 наурызда Павлодар облысында дүниеге келген. 1949 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Филология факультетіне түсіп, оқу орнын 1951 жылы үздік бағамен бітірген. 1951 – 1971 жылдары аралығында Алматыдағы № 12 қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі және директоры болып еңбек етті. Кейіннен ол №12 көпсалалы гимназиясы болып өзгерді. Бұл білім ұясы – республикадағы алғашқы зиялы қазақ мектебі болып саналады. Осы мектепті 1971-1985 жылдарда Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Бекенқызы басқарды.

Білім ұясы 1972 жылдан бастап тұңғыш рет Республика мектептерінің ішінде ағылшын тілін тереңдетіп оқыта бастады. 1984 жылы Республикадағы ең үздік мектеп ретінде танылып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталып, 1985 жылы Кеңестер Одағының үздік үш мектебінің қатарына енді. 1994 жылы 70 жылдық мерейтойында мектепке қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі берілді. 1996 жылы мектепке «Ағылшын тілін оқытуға мамандандырылған арнайы орта мектеп» куәлігі берілді.

Рафиқа Нұртазина мектептен қол үзбей, өзінің сүйікті мамандығын ғылыммен ұштастыра отырып, еліміздің педагогтар көшін бастады. 1973 – 1978 жылдары Қазақстан педагогикалық қауымдастығы Республикалық кеңесі президиумының төрайымы болып сайланып, қазақ мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиетін оқыту бағдарламасын әзірлеуге қатысты. Ол – педагогика ғылымдарының кандидаты. 350-ден аса ғылыми және оқу - әдістемелік еңбектің авторы, оның ішінде 15 кітап пен оқулығы орта мектептерге арналған.

Р. Нұртазина мектепте еңбек еткен жылдары тілдік материалды меңгеруде үлкен көмек болатын жаңа дидактикалық және интеллектуалдық ойындар да ойлап шығарды. Өз бетімен жасалған бақылау мен талдау және жинақталған тәжірибе, бұған дейін шыққан үш кітаптың материалдары, басылымдарда жарияланған мақалалар, баяндамалар жинағы өз алдына «Занимательная грамматика» (Алматы, «Мектеп», 1973) деген атпен жарық көрді.

Ғалым - ұстаз 1989 - 1991 жылдар аралығында мемлекеттік телерадио комитетінің тапсыруымен «Таня мен Болатқа арналған радиосабақты» жүргізді. Күнделікті таңертең және кешке өтетін радиосабақтар нақты қарым -қатынас орнатумен және алған білімі мен қалыптасқан дағдыларын радио арқылы тексерумен байланысты болғандықтан, үлкен аудитория тапты. Сабақ берудің бұл тәсілі елге танымал болғандықтан Қазақстанда алғаш рет 12 әуен таспасы бар 101 сабақтан тұратын «Қазақша сөйлейік» атты кітабы жарық көрді.

Рафиқа Бекенқызы – жарты ғасырға жуық қарқынды, әрі жемісті еңбек ету барысында оқушылардың бірнеше буынын тәрбиелеп, шәкірттері мен әріптестерінің құрметіне бөленді.

Білікті ұстаз, талантты ғалым «Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген мұғалімі», «Социалистік Еңбек Ері», «Алматы

қаласының құрметті азаматы» атақтарының иегері. Сонымен қатар «Ленин» орденімен, «Орақ пен балға» Алтын медалімен, екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының, оқу-ағарту Министрлігі мен КСРО ПҒА-ның «Құрмет грамоталарымен», Қазақ КСР Білім Министрлігінің «Құрмет грамоталарымен» марапатталған.

Рафиқа Нұртазина шын мәнінде «Ұстаздардың ұстазы» болды. Ол ғибратты ғұымырының 60 жылын ұстаздық қызметке арнады. Ұстаздың шәкірттері бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпі-рінде еңбек етіп жүр.

**Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті**
**Маркетинг және коммуникациялар департаменті**










# Жүректегі нұр

### *Ұстазға хат*

Уақыт деген қандай ұшқыр еді, қадірлі ұстаз – Рафика Бекенқызы! Күні кеше сияқты еді, енді мен де алпыстан асып, тоқсанға келген ұстазыма шәкірттік сезіммен, риза көңілмен хат жазып отырмын. Дәл осы сәт Ленин орденді ұстазым, марқұм Әлия Дүйсенованың жарқын жүзі көз алдымда тұр. Тоқсанға келгенде ол кісіге де Қазақ радиосынан шәкірттік көңіл-күйімді білдіріп, радио-хат жазып едім. Енді сізге де ұлтымыздың үні «Егемен» арқылы көзден де, көңілден де кетпейтін сәттер туралы сыр толғамақпын. 1964 жылдың күзі еді. Алматы қаласындағы №12 қазақ орта мектебіне ауылдан жаңа ауысып келген едім. Сонда Сіз «тіл – тірек, ұшқыр жүрек, күшті білек жас жігітті шыңдайды, спортыңнан да қалма, бірақ біліміңді аңда»,- деп маңдайымнан сипап едіңіз. Сіздің сол жылы алақаныңыздың табын әлі күнге сезінгендеймін.

Сондықтан да сіз, қадірлі Рафика Бекенқызы, мыңдаған шәкірттердің жүрегіне нұр құйдыңыз, өмір жолын айқындауға бағыт-бағдар сілтедіңіз, өзіңіздің ізбасар шәкірттеріңізді тәрбиеледіңіз. Қарапайым ұстаздан ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілдіңіз. Осы кезеңдерде сіздің қоғамдық қызметіңіз де жарқырап көрінді. Төрт мәрте Алматы қаласының депутаты атандыңыз. Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне делегат болдыңыз.

Сондықтан да күні бүгінге дейін сіз жазған «Қызықты грамматика». «Фонетика», «Қызықты грамматика. Морфология», «Қызықты грамматика. Синтаксис» атты үш кітабыңыз ғалым педагогтардың ғана емес, оқушылардың да, ата-аналардың да қызығушылығын туғызған ғылыми-көпшілік кітапқа айналды. Осындай сәттерде «Мынау кім? Бұл не?» атты энциклопедия жарық көрді.

Сіз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында біршама жаңа ұстанымдар айтып қана қоймай, оның жүзеге асырылуына күш салдыңыз. «Қызмет ету саласы қарым-қатынасына арналған тілашар» атты авторлық кітапша сол кезеңнің сұраныстарына жауап берді. 1998 жылы Сорос-Қазақстан қоры мен Білім және ғылым министрлігінің «Басқа тілдерде сөйлеушілерге арналған қазақ тілі» конкурсы аясында «Мирастың кітабы» атты грантпен шыққан еңбек сіздің өзіңіздің шәкіртіңіз Л.Асқармен бірге жазылуы ерекше үрдіс болды.

Сіз өзіңіздің жас шәкірттеріңізді қасыңызға топтастырып, жинақтаған тәжірибелеріңізді бөлісіп, тиісті оқу-құралдарымен, ғылыми басылымдармен таныстырып, бірнеше кітаптар жаздыңыз. Мәселен, «Наурыз», «Құрбан айт», «Дүниеге сәби келді», «Ораза айт», «Рамазан айы» атты сыныптардан тыс оқуға арналған кітапшалар топтамасы ерекше мәңге ие. Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов ағамыз сізді орыс, украин жұртының Лев Толстой, Ушинский, Макаренко, Сухомлинский, қазақтың Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбей, Құмаш Нұрғалиев сияқты атақты педагогтарының қатарына қосып, «Ұстаз-қайраткер, қоғамның биік баспалдағына көтерілген аналардың бірі де, бірегейі де осы – Рафика Бекенқызы» деп еді. Расында, сіз ұлттық тәрбиенің мәйегіне айналған, жүрегінде нұры бар, халқының сыры бар, ақыл-ойдың ардақтысы болып қала бересіз. Сіз жаққан шырақ сөнбейді...



**Уәлихан ҚАЛИЖАН,**
**филология**
**ғылымдарының докторы,**
**Мемлекет және қоғам қайраткері.**

**«Egemen Qazaqstan»,**
**5 Наурыз, 2011**
**Естелік қысқартылып алынды**

# Ақбоз аттың иесі



*Ақбоз ат туралы айтқанымызда «Қыз Жібек» фильмін жиі көретін көрермендер бірден бұл – Төлеген – Құман Тастанбеков екенін түсіне қояды. Фильмның соңына таман Қыз Жібек иесіз желп келген ақбоз атты құшақтап, «Иең қайда, Ақбоз ат?» - егіледі.*

*Тастанбеков Құман Нұрмағанұлы Қазақстанның халық әртісі «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері. Қыз Жібегін қалдырып, өзінің мәңгілік мекеніне аттанғанына да жеті жылға жуықтапты.*

*Оқырмандарымызға актердің көзі тірісінде «Turkistan» газетіне берген сұхбатын оқи отыра, ықшамдап, жарияладық.*

—Мен бала күнімнен кітапқа жақын болдым. Мектебіміздің кітапханасы бай болатын. Сондағы әдебиеттерді таласып оқитынбыз. Кезек күтіп, кітапты тауысқанша бір-бірімізді асықтырушы едік. Қызық кітапты өзгелерден бұрын оқып алған оқушы басқамызды еліктіретін. «Соңы немен аяқталатынын айтпа, өзім оқып аламын», – деп оқыған кітабының әсерімен бөлісkісі келетін достардың аузын аштырмай қоятынбыз. Кітапты кино көріп отырғандай құмартып оқыдық. Қазір кітапханаға бара жатқан баланы көрмейсің, мектеп міндеттейтін пәндердің оқулығынан басқа кітап алмайды қолдарына.

—Біздің ауылда бірнеше ұлттың өкілі тұрды. Украины бар, орысы мен татары, өзбегі де бар – бәріміз тату-тәтті өмір сүрдік. Тойымыз да, қайғы-мұңымыз да ортақ болды. Көрші-қолаң асарлатып, айналасы төрт-бес күннің ішінде бір үй тұрғызатын. Қазіргілер асардың не екенін білмейтін де шығар. Көмектеспек түгілі, көршісін танымайтындар бар. Ал аядай ауылда ашықса да, тарықса да, адамгершіліктен аспаған, көтеріңкі көңіл-күймен жүрген адамдарды көрдім. Ауылымыздан ән мен күй үзілмейтін. Өнерге жақын болуымның сыры – сол. Әкем колхоздың жылқысын бағатын. Бір күні колхоз әкеме гармонь сыйлапты. Бұл сыйдың сырын түсінбесек те, бұрын-соңды қолымызға ұстап көрмеген аспапқа қатты қызықтым. Ағаларым аса керек қылмаған соң, әлгі гармонь менің меншігіме айналды. Арқалап жүріп үйреніп алдым.

—Ауылымыздың клубы ескі шіркеудің орнында болатын. Аудан орталығынан екі-үш айда бір рет арбамен кино әкеп қоятын. Сол арбаның жолын күтіп жүреміз. Орталық ауылдан 25 километр қашықтықта. Аудан орталығын алғашқы рет үшінші сыныпта көрдім. Ауылдан ұзап көрмеген балаға ол үлкен шаһар сияқты көрінді. «Мынадай да жер бар екен ғой» деп таңғалғам. Одан кейін пионер слеттеріне жиі барып тұрдым. Жан-жақтағы ауылдардан топ-топ бала жиылады. Қазақ-орысы, украины мен татары аралас. Бір-бірін бөтенсіну деген жоқ. Таныса салып: «Будем дружить?» деп бауырына тартатын.

Кейін мәдениет үйі салынған соң ауылымызда фортепиано пайда болды. Оны да тез үйрендім. Мектебімізде музыкалық аспаптың түр-түрі болатын. Ауылымыз өнерден кенде болған жоқ. Менің актер болу арманым сол аядай ауылдан, балалық бал дәуреннен басталды. Мектеп бітіріп, ата-анама өнер жолына түскім келетінін айттым. Екеуі де қарсы болды, көнбеді. «Басқа оқу құрып қалды ма? Қайдағы бір жын-шайтанның оқуын қайтпексің?», – деп шешем қатты наразы болды. Қалаға жібергілері келмейтінін түсіндім. Жастары келіп қалған. Үлкендердің бәрі жан-жаққа кеткен, ата-анама қарайтын, үйдің шаруасын қолға алатын ешкім болған жоқ.

—Есіктің алдында бақшамыз, қорада мал болды. Амал жоқ, арманымнан бас тартуға тура келді. Ауылда қалып, Мәдениет үйінде баяншы болып жұмыс істедім. Бір жылдан соң Алматыға барам деп тағы қиғылық салдым, тағы көнбеді. Екінші рет жолым болмаған соң, мектепке музыка пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналастым. 20 жасқа келгенде ауылда жүре берсем қараңғы болып қалатынымды түсіндім. Ешкімнің қарсылығына қарамаймын деп шештім. Әке-шешем одан әрі ауылда ұстап отыра алмайтындарын түсінді-ау деймін, көнді.

Батасын беріп, Алматыға шығарып салды. Алматы мемлекеттік өнер институтының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) актерлік факультетіне түсіп, Кеңес Одағының халық әртісі Хадиша Бөкееваның сыныбына қабылдандым. Әшірбек Сығай, Рахилям Машурова, Ерсайын Дүйсенбиев, Ғайникамал Байқошқаровамен бірге оқыдым. 1967 жылы «Ленинші жасқа» жаңа кино түсірілетіні, сол фильмде

ойнайтын актерлерге байқау жарияланғаны туралы ақпарат жарық көрді. Ол кезде Абай көшесіндегі 56-үйде, консерваторияның жатақханасында тұратынбыз. Әлгі газет қолдан-қолға өтіп, бақ сынап көргісі келетіндердің қатары күн санап артты. Көппен бірге мен де кастингке қатыстым. Бәрімізді суретке түсіріп алды.

Студенттер, театр актерлері де бақ сынады. Қыз Жібек рөліне үміткерлер тіпті көп болды. Кастингке 400-ден астам қыз қатысқан екен. Кіл сұлулар, сән-салтанаты бір-бірінен асып түседі. Сырт келбет маңызды болғанымен, ішкі сұлулықсыз, Алла берген дарынсыз тағы болмайды. Режиссерлердің талаптарын орындай алмаған жүздеген қыз бір мезетте-ақ байқаудан ысырылып қалды. Сұлтан Қожықов көпке дейін басты рөлге лайық қыз таба алмай дал болды. Бір күні киностудияға Меруерт келді. Шашы ұзын, түр-тұлғасы жинақы, киген киімі мен жүрген жүрісі келісті. Бірақ түрі аздап суықтау екен. Дәлізде көріп қалып, көзімді ала алсамшы. Ол да маған көзінің қиығын тастады. Сол сәт дәл кеше болғандай әлі есімде.



—Ішімнен: «Мынау нағыз Жібек қой» дедім. Айтқаным айдай келді. Басты рөлге Меруерт екеуміз бекітілдік. Режиссердің таңдауына қарсы шыққандар көп болды. «Жастар ойнайтын рөл емес, ысылған актерлер ойнауы тиіс», — деп шу көтерді. Қызу пікірталастар жүрді. Сол кезде біздің сөзімізді сөйлеген Олжас пен Асқар Сүлейменовтерге рахмет. Олар «Қазақфильмде» редактор болып істейтін. Талқылау кезінде Олжас ешкімнің аузын аштырмапты. Өзім ол жиынға қатысқан жоқпын, шудың ортасында болғандар айтып берді. «О чем вы говорите? Какой будет рассвет если мы будем снимать Тулегена в 30 лет, Бекежана в 50 лет?», — деп Олжас қарсы уәж айтқандарға дүрсе қоя беріпті.

Бұл дау Дінмұхамед Қонаевтың алдына дейін барды. «Кино маманы емеспін. Бірақ жастар түскен киноның тартымды болатынына көзім жетеді», — депті Димекең. Сол кісі айтқандай кино әлі де тартымды, көрерменін жоғалтқан жоқ. Фильмнің сәтті шығуына сол кездегі министр Ілияс Омаровтың қосқан үлесі өлшеусіз. Ол кісі өнердің нағыз жанашыры еді. Сондай тұлғалардың арқасында «Қыз Жібектің» тұғыры берік, мәртебесі биік болды. «Қыз Жібектен» кейін Меруерт екеуміз Абдолла Қарсақбаевтың «Біздің Ғани» фильміне түстік. Онда мен Ғани Мұратбаевты сомдасам, Меруерт оның жары Раушанның рөлінде ойнады. 1970 жылдың күзінде, «Біздің Ғанидың» түсірілімі жүріп жатқанда екеуміз шаңырақ көтердік. Содан бері өмірде, өнерде де жұбымыз жазылған жоқ. Отау құрғанымызға биыл 45 жыл толады екен.

—«Қыз Жібек» — тек қана мәңгілік махабатты емес, патриоттық сезімді ұлықтап, қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын кеңінен қамтыған кино. Содан болар, ол басқа картиналармен салыстырғанда өміршең болды. Оған деген халықтың сүйіспеншілігі жылдар өте келе артпаса, кеміген жоқ. Өйткені бұл кино тек қана бір тақырыптың аясымен шектелмеген. «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры ойдан шығарылған оқиға емес, шынайы өмірде болғандығымен де қызықты шығар. Бұл махаббат хикаясының осыдан шамамен 500 жыл бұрын Ақтөбе облысының аумағында болғаны туралы нақты тарихи деректер бар. Демек халық аңыз-әфсанадан гөрі тарихи оқиғаны жоғары бағалайды. Оның үстіне, сценарийін Ғабит Мүсірепов жазып, Сұлтан Қожықов режиссерлік еткен, Нұрғиса Тілендиев пен Қадыр Мырза Әли, Гулфайруз Исмайылова сияқты өзі ісінің мамандары атсалысқан картинаның осал болуы мүмкін емес еді. Актерлер де кіл мықтылар. Қай образға қарасаң да хас шеберді көресің. Сырлыбай, Бекежан, Шеге, Қаршыға, Базарбай, Қамқа, Айкөз, Кербез бейнелеріндегі әртістерді режиссердің дәл тапқанына қайранмын.

—Кітап оқығысы келмесе, тым болмаса, театрға келсін. Қазір театрлардың репертуары бай. Қазақтың классиктері, әлем классикасының үздіктері сахналануда. Жаңашыл шығармалар да қалыс қалып жатқан жоқ. Театрға келсе, Сәбит Мұқановтың, Шекспирдің кім екенін білер еді. Өзінің тамырын танып, тарихынан тағылым алар еді. Театр сахнасынан өзге халықтардың болмысы мен мәдениетін де тануға болады. Қазір танымымды кеңейтем деген балаға барлық мүмкіндік жасалған. Біз спектакльге де, киноға да сусап өстік. Қазір үлкендер тұрмақ, балалар да бір-біріне суық. Өзі құралпы баланы іш тартып, маңына жуыта қоюы қиын. Бұрын біз бір топ болып, таңнан қара кешке дейін далада жүретінбіз. Ойынға жақын үйден жүрек жалғап аласың да, ары қарай ойнап кете бересің. Жазда асығыңды арқалап, қыста шанаңды сүйретесің. Күннің ыстық-суығы міз бақпайтынбыз. Қазіргі балалардың тәрбиесі басқа. Ата-анасы секемшіл болған соң, бала да жан-жағына күдікпен қарайды. Қайырымдылық, мейірім деген құндылықтар жоғалып барады.

— Театрдағы ең алғашқы рөлім — Оралхан Бөкейдің «Құлыным менің» шығармасындағы Жан. Пьесаны Қадыр Жетпісбаев сахналаған болатын. Анарды марқұм Фарида Шәріпова ойнады, Бозтайлақты сахнаға Әнуар Молдабеков алып шықты. Оралхан екеуміз сол қойылымнан кейін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атандық. Режиссерлер маған Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқтысында» Ақанды, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлихановында» Шоқанды, Т.Ахтановтың «Антында» Сауранды, М.Әуезовтің «Айман-Шолпанындағы» Әлібек, Н.Хикметтің «Фархад-Шырынындағы» Фархад сынды рөлдерді сеніп тапсырды. Төлеген маған театрда демеу болмайтынын, арқаны кеңге салуға қақым жоқ екенін түсіндім.

Өзіме артылған сенімді ақтау үшін үздіксіз еңбектендім. Жаңа рөл алған сайын тынысым ашылып, шеберлігім шыңдала берді. 1973 жылы консерваторияны тәмамдап, Меруерт те театрға қабылданды. Әкемтеатрдың сахнасында қол ұстасып, талай рөлдерді бірге ойнадық. Мұхтар Әуезовтің «Қаракөзінде» мен — Арша, ол — Қаракөз, Шыңғыс Айтматовтың «Ана — Жер Анасында» мен — Қасым, ол — Әлиман болып шықты. Киелі сахнада ойнап жүргеніме биыл 47 жыл болады екен.

**Анар ЛЕПЕСОВА**
**20 мамыр, 2015**
**«Turkistan» газеті**

# Кітапхана – қазыналы бір әлем



«Ақтоғай» орта мектебі кітапханасы – оқушылардың қазына іздейтін және тапқан қазынасын бүкіл ғұмырына азық ететін киелі орын. Мұны оқушылар алғаш рет мектеп табалдырығын аттағаннан кейін, мектепті таныстыру сағатында арнайы кітапханаға саяхат сабағында айтамыз. Әр баланың кітаппен достасуы – қазіргі кезде маңызды мәселе. Әр сынып оқушысы өз жасына лайық көркем шығармаларды, газет – журналдарды кітапханада көріп, қолына алып оқиды. Бірінші сыныптан кітапхананы ұнатқан бала, мектеп бітіргенше мүмкіндігінше бар кітапты оқып шығуға ұмтылады. Қаншама тәрбие сағаттарына қажетті дүниелерді кітапханадан табады. Ұстаздар үшін де кітапхана мол қазынаның кені.

Мектеп кітапханасында өзіміздің Сарысу ауданының құрылғанына 95 жыл толуына орай көрме өткізілді. Ауданымыздың тарихы, ауданның құрметті азаматтары, ауданның экономикалық әлеуеті, аудан құрылығаннан бергі уақытта жемісті еңбек еткен ардақты ардагерлер туралы айтылды. Аудан туралы көрме ұйымдастырылып, аудан туралы баспадан шыққан кітаптар, шығарма кейіпкерлері туралы оқушыларға айтылды.

24 - қазан Халықаралық мектеп кітапханалары күніне орай, 5-11 сынып оқушылары арасында «Ғылыми фантастикалық әдебиеттерді оқимыз» тақырыбында апталық өткізілді.10-11 сынып оқушылары мектеп кітапханасына жаңадан келген Хэрри Поттердің кітаптарын оқып, түсініктерімен бөлісті. Мектебімізде өткізілген «Оқуға құштар мектеп» жобасында «Кітап оқу үздігі» жеңімпаздары марапатталды.

«Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» - атты көрме ұйымдастырып, көрмеге қойылған ұстаз шығармаларын оқу ұсынылды. 25 - қазан Республика күні мерекесіне орай «Сүйем сені, туған елім - Қазақстан!» көрмесі өтті. 2023 – жылдың 15 -желтоқсан күні Тәуелсіздіктің 32 жылдығына орай «Желтоқсан - ерлік тарихы» көрмеде оқушылардың шығармаларымен қатар желтоқсан көтерілісінің мән – маңызы, оның батырлары, арамызда жүрген желтоқсаншылар туралы мәліметтер айтылды. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі» атты көрмеге ақынның кітаптары қойылды. Кітапхананың ең жас оқырманы Құрақбай Аруна Мұқағалидың «Шеше, сен бақыттысың, жыламағын» өлеңін жатқа айтты.

Аса көрнекті ғалым, геолог, мемлекет қайраткері, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Қазақтың тұңғыш академигі» атты көрме өткізілді. Ғылым академиясын ұйымдастырушы Қаныш Сәтбаевтың артында қалдырған ғылыми мұралары туралы балалар мен жасөспірімдерге айта отыра, Қазақстан ғылымындағы жетістіктерге қысқаша тоқталдық. Көрменің маңызы, мектепте жас ғалымдар тобын қалыптастыру, олардың бүгінгі заман технологиясы – роботты техника, ІТ саласына қызығушылығын арттыра отырып, мамандық таңдауына көмектесу.

Сондай – ақ, жазушы, «Сарысу ауданның құрметті азаматы» - Пернебай Дүйсенбиннің 80-жасқа толуына орай кітап көрмесі өткізілді. Көрмеге жазушының кітаптары мен газет бетінде жарық көрген мақалалары қойылды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы шеңберінде «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ - ойдың қазығы» мақал - мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды білуге арналған мектепалды даярлық тобында жарыс сабақ өткізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Мектебімізде «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы үздіксіз жүргізіледі. Акцияға мектеп мұғалімдері де, техникалық қызметкерлеріміз, оқушылар мен ата – аналар, ауылымыздың азаматтары қатысып, кітап сыйлауда. Айталық, мектебіміздің шаруашылық меңгерушісі Жақыпбекова



Жанат «Көшпенділердің ұлы шайқастары» (Алматы: «Аруна» 192 бет), мектепті 2022-2023 оқу жылы бітірген түлектердің Абайдың «Қара сөздерін» - «Книга слов» (Алматы: Атамұра, 2020 жыл 200 бет) кітаптарын сыйлады.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Піспекбаева Ақбөпе Шәріпқызы мектеп кітапханасына «SMART BOOK» - Есептер мен тесттер жинағы бейне түсіндірмесімен, 5- 6 сыныптаға арналған математика кітабын сыйға тартты. Шараға 1 – сынып оқушыларының қатысып келе жатқаны қуантады. Мектебіміздің 1- сынып оқушысы Елеубек Әли өзінің сатып алған «Құлын, бота және бұзау» атты ертегі кітабын кітапханаға сыйлады.

**Мейіркүл ОШАҚБАЕВА,**
**Жамбыл облысы, Сарысу ауданы**
**«Ақтоғай» орта мектебінің кітапханашысы**

# Аналардың атайықшы есімін



**Жақсықүл Қосыбайқызы – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданының тумасы. Қазіргі таңда "Алатау Жарық Компания-сында" 16 жылдан бері қызмет етеді. Екі қыздың анасы. Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі.**

## АНАЛАРҒА АРНАУ

Бар әлемнің тербететін бесігін,
Ашатын кім, ұлы жұмақ есігін?
Тарихымда қалған ұлы тұлғалар,
Аналардың атайықшы есімін.

Нұрила ана - елге болған ардақты,
Ақыл ойы парасатты, салмақты.
Ел сыйлаған Бәйдібектей бабаны,
Сол анамыз ақылымен қолдапты.

«Домалақ» деп аты қалған аңыз бар,
Бұл тарихта өте үлкен маңыз бар.
Бәйдібек пен Домалақтан тараған,
Бүкіл ұрпақ сол анаға қарыздар.

Болғанменен ер мен әйел теңдігі,
Азаматтан болмақ емес кемдігі.
Деп ойлаймын, - мақтауға да тұрарлық,
Нәзік жанды арулардың ерлігі.

Тізіп жазып арулардың қаймағын,
Ел басқарып, кеңге қанат жайғанын.
Ерлерімен қатар жүрген ел билеп.
Батыр Бопай, ару ханша Айғаным.

Ер адамның өзі кейде қауқарсыз,
Арулардың батырлығын байқарсыз.
Қалмақтармен аты шыққан соғыста,
Қабанбайдың асыл жары Гауһар қыз.

Өткенменен жылдар жылжып арада,
Ерліктерін айтпай, сірә, бола ма?
Ұлы Отан соғысында арулар,
Елін қорғап, қалып қойды санада.

Қос батыр қыз Әлия мен Мәншүкті,
Ерлігімен болған елге айшықты.
Ұшқыш батыр «түнгі мыстан» аталған,
Хиуаз да немістерді жаншыпты.

Бүкіл әлем қазағыма тамсанған,
Қолын созып, қуанышпен қарсы алған.
Сол соғыста рух беріп әскерге,
Роза қыз қан майданда ән салған.

Деп жүргенде, бостандықтың
таңы атты,
Желтоқсаным, елді аузына қаратты.
Елі үшін құрбан еткен өмірін,
Еске аламыз Сабира мен Ләззатты.

Тарихымда арулар көп санасаң,
Бұның бәрі айтуға оңай қарасаң.
Азаттыққа қосқан солар үлесін,
Аналар бар - ерліктері орасан.

Бұның бәрін бермейміз-ау, түсіне,
Ата-заңым мінді қазір күшіне.
Аруларым араласып жүр қазір,
Парламентте ел басқару ісіне.

Қазір, міне, бейбіт заман елімде,
Аналар жүр, әр тірліктің төрінде.
Үйде - ана, түзде мықты қайраткер,
Ақылымен ие болып сенімге.

Тіршілікке өмір берген аналар,
Бақытты ғой ана барда балалар.
Мейірімі таусылмайды ананың,
Еңбектерін елім әркез бағалар.

Ұрпақтарын жамандыққа қимаған,
Бұл өмірде аналарым - сыйлы адам.
Жер бетінде жүрген барлық аруға,
Естелікке жырдан алқа сыйлағам.

## ӨМІР ЖОЛЫ

Тағдыр деген өр толқыны теңіздің,
Арпалысып үмітімді көп үздім.
Әсерімен ертегі айтқан әжемнің,
Бірі болдым шиырланған көп іздің.

Әжем мені қызғыш құстай қорғады,
Мәпеледі бұл-бұл құстай тордағы.
Тентек қыздың еркелігін көтеріп.
Қай кезде де қара қызын қолдады.

Ризамын сол кіп-кішкентай анаға,
Ақыл, ойды құйып кеткен санаға.
Жүрегі кең жаны жайсаң жан еді,
Тәрбиесін берген мендей балаға.

Өрекпіді өр тағдырдың толқыны,
Ата-анамның барын білдім сол күні.
Естігенде есеңгіреп қалдым да,
Бала көңіл бейжай болып толқыды.

Қара таудай қарсы тұрған дауылға,
Бөтенсідім қосыла алмай бауырға.
Кеш батқанда жастығымды құшақтап,
Қиялым мен сапар шекті ауылға.

Қиял деген жүйрік, шіркін, желден де,
Балалық шақ өтіп кетті бір демде.
Әжем берген сүттің дәмі таңдайда,
Қандырушы еді қақталғанда шөлден де.

## БАҚЫТ ҚАЙДА, БІЛЕСІҢ БЕ?

— Бақыт қайда, досым ау білесің бе?,
— Ол анамның, алақаны аялы.
Бақыт деген - ол менің әлі есімде,
Ата-анамның қоржын тамы баяғы.

Бақыт деген - махаббат кешегі өткен,
Онсыз сірә, жоқ шығар өмір мәні.
Өтсе дағы, арада неше көктем,
Жүрегімді жаралап келеді әлі.

Бақыт деген - отбасым жанұямыз,
Бақыт деген, ол менің асыл жарым.
Төрде отырған, қазына қариямыз,
Бақыт деген, қыздарым жасыл бағым.

Бақыт деген - бір жүрген адал досың,
Қиналғанда қасыңнан табылатын.
Сеніміңді ақтайтын, адал болсың,
Қиындықтан бір сәтке арылатын.

Бақыт деген - ұрпақтың болашағы,
Жүрегіне жинаған иман, нұрын.
Арманына, сенімді жол ашады,
Санасына білімді құйған бұрын.

Бақыт деген - елімнің тыныштығы,
Жан жағыңнан басқа ел сұқтанбаса.
Кетпесінші елімнің ырыздығы,
Елім тыныш, аспаным бұлттанбаса.

Бақыт деген - көршіңнің ынтымағы,
Қиындықты бөлісер бірге жүріп.
Бақыт деген, ақынның жыр тұмары,
Ақиқаты жатпайтын іште бүгіп.

Бақыт – деген - еңбек пен тапқан наным,
Бақыт - деген, отбасым өз ошағым.
Бақыт деген - арайлап атқан таңым,
Бақыт деген - ол менің болашағым.

# «Ақырын жүріп, анық бас»




Уақытты үнемдеп, жаңашылдыққа ұмтыл. Өзіңді мүмкіндігіңше дамытуға тырыс.

## ЕРТЕ ТҰР

Ерте тұру – жоспарға деген бір қадам. Таңғы уақыт сіздің дамуыңызға өте жақсы көмек береді. Ми сол уақытта жақсы жұмыс жасайды және ешкім дамуыңызға кедергі келтірмейді. Таңғы уақытта береке бар. Сіз ерте тұрып бастаған іс бастаған күні уақыттың көп екенін аңғара бастайсыз. Қазір көпшілік кеш жатып, кеш тұруға дағдыланған. Ерте тұруға қиналады. Ертерек ұйықтасаңыз, ертерек тұрасыз. Адам баласына қалыпты, сапалы ұйқы 7-8 сағат. Сапалы ұйқы – энергия қуаты. Сағат 22:00 – 22:30 де ұйықтап, 06:00 – 06:30 – да тұру сапалы ұйқы. Ерте ұйықтасаңыз, бас ауру және шаршағандық болмайды. Күндіз сергек жүресіз. Сіз ерте тұрсаңыз: Денсаулық жақсы болады. Бос уақыт ( кітап оқы, жаттығу жаса, медитация). Есте сақтау қабілет жақсарады. Күш – қуатыңыз артады. Аурудың алдын аласыз.

Сондықтан неге ерте жатып, ерте тұрмасқа!? Таңғы уақытта ояну, ризыққа кенелу.

## КІТАП ОҚЫ

Кітап – білімнің бұлағы. Көз жетпейтін жерге, ой жетеді. Сол ойды жетілдіретін, сөзге шыныктыратын ол – кітап. Қазіргі қоғамда күнделікті кітап оқитындар саны шектеулі. Сол себепті кітап оқуды қолға алу қажет. Аз - аздан үздіксіз және тұрақты түрде дамудың бір жолы күнделікті кітап оқу. Кітап оқуға ең қолайлы уақыт ол – таңертеңгілік. Таңертең кем дегенде 10 – 15 бет кітап оқы. Қазірден кітап оқып бастасаң: Сөздік қор мол болады. Ойлауды дамытады. Көкжиегің кеңейіп,есте сақтау қабілетің жақсы болады. Өзіңе деген сенімділік артады. Дикцияны жақсарады.

Кітап оқуды әдетке айналдырғың келсе 1 күнде 2-3 бет кітап оқы, шамаң жетсе 20-30 бет үзбей, тұрақты түрде оқы. Әдет 21-күнде қалыптасады. Кітаптың кез – келген жанрын оқы жан - жақты бол. Әдеби, діни, қаржылық сауаттылық барлығын оқы. Көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов «Адамзат мәдениетінің алғы шарттары – дұрыс оқу, дұрыс сөйлеу, дұрыс ойлай алу – мұндай тәжірибеге тек кітап оқитын адам ғана жетеді” - деген.

*Пайда ойлама, ар ойла,*
*Талап қыл артық білуге.*
*Артық ғылым кітапта,*
*Ерінбей оқып көруге.*
**Абай Құнанбайұлы**

## ПОДКАСТ ТЫҢДА

Подкаст – білімді арттыратын және рухани дамытатын аудио форматтағы бейне жазба. Күнделікті үздіксіз дамуды қаласаң әр күні 1 сағат подкаст тыңда. Ең болмаса 20 - 30 минут аудиокітап, подкаст үзбей тұрақты түрде тыңда.

ТОП – 3 Пайдалы подкаст:

Kitapal – жан - жақты дамығысы келетін жандарға керемет шабыт береді. Кітап оқуға деген қызығушылығың артады.

Оу Detox – психология, бизнес, білім, әлеуметтік мәселелер туралы жан – жақты подкаст.

Orta – түрлі тұлғалардың діни тұрғыда және бизнес саласындағы әңгімелері.

## ЖАҢА ДАҒДЫЛАР ҮЙРЕН

Шет тілдерін үйрену, музыкалық аспаптарда ойнау. Өзіңді жаңа қырынан көрсету,ашу. Қазір дамыған заманда кез – келген жаңа нәрсені үйрену өте оңай. Шет тілдерін үйрену ағылшын, түрік тілі, орыс тілі, француз, неміс тілідерін үйрену туралы курс, сабақтар толып жатыр. Аспаптарда ойнау домбыра, гитара, укулеле, скрипка сынды аспаптар өте көп. Интернет желісін ашсаңыз үйретушілер қаншама. Үйренуге арнайы көңіл бөліп уақыт арнасаңыз белгілі бір уақытта нәтижеге жетесіз.




*«Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі ниет керек,одан соң – күш керек, одан соң тәртіп керек».*
**Мұхтар Әуезов**

**Дайындаған: Диас САТЫБАЛДЫ,**
**Алматы қаласы, Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп – интернатының 11 - сынып оқушысы.**

**Суреттер**
**«Қазақ әдебиеті» газеті мен Itest сайтынан алынды.**



# ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫ ОРМАНДЫ БАҚЫЛАЙТЫН ЖҮЙЕ ЖАСАДЫ

**Қызылордалық оқушы орман өртінің алдын алуға көмектесетін ақпараттық жүйе жасап шығарды. Ол бұл жобасын «Жалын» деп атаған.**

**— Озық технологияға негізделген өнертабыс орман өртінің қаупін сейілту арқылы экологиялық мәселелерді шешеді», - дейді автор.**

Өткен жылы Абай облысындағы орманда ірі өрт оқиғасы тіркелді. Далалық жерде тұтанған жалынды дер кезінде анықтау өте қиын. Бұл – табиғатты қорғаудағы өзекті мәселенің бірі. «Жалын» ақпараттық жүйесін жасауға түрткі болған осы түйіткіл еді, - дейді Жұлдызай Мұнайтпасова. Көлемі құстың ұясынан да кішірек құрылғы орман ішіне орнатылады. Осылайша бақылауға алынған аумақтағы табиғат жағдайы туралы ақпарат орманшының сенсорлы планшетіне түседі. Ең бастысы – аталған жүйенің жұмысы интернетті қажет етпейді.

**Жұлдызай Мұнайтпасова, оқушы:**

*— Сонымен қатар біздің ретранслятор деген құрылғымыз бар. Ол радиотолқындарды интернет толқындарға айналдырып, орман өрті, ауқымы, көлемі туралы жағдайды және ықтимал қауіптерді біздің платформалар арқылы жергілікті халыққа, жоғары шенді қызметкерлерге және Төтенше жағдай министрлігіне жібереді.*

*— «Жалын» ақпараттық жүйесі озық технологиямен жасалған бірнеше датчик арқылы қызмет атқарады. Бұл жаңашылдық орманшылардың орнын баспайды. Бірақ олардың жұмысын ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аң-құстың қырылуын тоқтатып, орман маңы тұрғындарының өмірі мен мүлкін сақтауға сеп болады. Тағы бір тиімді тұсы – құрылғыны жасауға, орнатуға көп шығын кетпейді», – дейді жоба авторлары.*

**Науан Әділжан, жоба жетекшісі:**

*— Қосымша зат, дүниелер салудың қажеті жоқ. Себебі құрылғы барынша кішкентай. Сондықтан оны ағаштарға немесе сол жерден белгіленген бөлікті алып, сол жерге орнатып кетсе қосымша қаражатты қажет етпейді.*

*Жұлдызай бұл экологиялық жобаны іс жүзінде өндіріске енгізуді көздеп инвестор іздеуге кіріскенін айтады. Сонымен қатар республикалық және халықаралық ғылыми жоба байқауларына да қатысуды жоспарлап отыр.*

**www.24.kz**

# Естай мен Қажымұқан



**Бұл суретті жас зерттеуші музей қорынан тапқан, деп хабарлайды Pavlodarnews.kz тілшісі.**

Торайғыров атындағы университеттің студенті, Qyr balasy қоғамдық қорының мүшесі Абзал Рымбек Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің қорын қарап шығуға мүмкіндік алған. Алдымен Естай Беркімбайұлының жеке папкасын қарап шыққан зерттеуші Затаевичпен алмасқан хаттары һәм өзінің қолтаңбасы, түпнұсқа суреттері және қағазға түсірілген ноталарын тауып алған. Сосын басқа да тұлғалардың папкаларын шолып шығуды ұйғарған.

– Қатарындағы ең қалыңы, көзге оттай басылғаны Шаймерден Торайғыровтың жеке папкасы еді. Папканың бастапқы бетіндегі актіні қарап шықтым. Соңғы жолдарынан Е.Беркімбаев деген жазуды көре сала, сол бетті іздеп тауып алдым. Қолжазбаның бір бетінде қыстырулы тұрған фотосурет екен. Естайды бірден таныдым. Менің болжамым бойынша, бұл сурет көп жерде жарияланбаған. Фотосуреттің артқы жағында Ш.Торайғыров, Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Мәриям Жагорқызы, Естай Беркімбайұлы деген жазу бар, – дейді Абзал Рымбек.

Ол бұдан кейін Естайдың Қажымұқанмен қайда және қай кезде жолыққанын білу үшін ақпарат іздей бастаған. Алайда еш дерек таппаған студент сұрастыра келе, алғашқы Естайтанушы, ақын Қимадиден Нығыманұлының жазбаларынан іздей бастаған.

– Ақыры Қимадиден Нығыманұлы Естай туралы естеліктерді көз көргендердің айтуымен жазып алып, 1967 жылы 50 беттен тұратын қолжазбасын Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына тапсырған. Сол қолжазбалардың бірінде Ермек Каримовтың айтуымен жазылған «Майраның жәрдемі» атты естелігі бар екен. Бұл естелікте әнші Майраның, балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлымен, ақын Естай Беркімбайұлымен бірнеше мәрте жолыққандығы һәм етене араласқандығы жазылған. Бұл кездесу 1924 жылдың күзінде болған екен, – дейді жас зерттеуші.

Жас зерттеушінің сөзінше, табылған суреттегі Естай мен Қажымұқанның өң тұрпаты қартайған шағы екені көрініп тұр. Демек, бұл 1924 жылы түсірілген сурет деу қисынға келмейді. Ол суреттің тарихын одан әрі, қазбалауды жөн санап, түрлі ақпарат көздерін ашып көрген. Қажымұқанның Ертіс-Баян өңіріне сан мәрте келгендігі, Естаймен кездескендігі, Майрамен жақын достығы туралы ел аузында түрлі әңгімелердің жүргені жалған емес.

– Осы тұстан Қажымұқанның соңғы белдесулерінің бірі туралы жазылған естеліктер мен мақалаларды түбегейлі оқып шықтым. Әрі Қажымұқанның дәл осы кейпінде, осы киіммен Дәулен Әбікенов, Мариям Жагорқызы мен оның күйеуі Дүйсен қатарлы көп адам бірге түскен тағы бір суретін әлеуметтік желіден кезіктірдім. Бұл сурет 1945-інші жылы Семей қаласында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 100 жылдық мерейтойында түсірілген болып шықты, – дейді ол.

Абзал Рымбек болжамдары дәлелденіп шыққанына қуанышты екенін жеткізді. Алдағы уақытта студент ізденуден талмайтынын айтады.

**Pavlodarnews.kz**

**Автор: E-history.kz**





# ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ БИІК ҒИМАРАТТАР

Қазақстанда биіктігі 100 метрден асатын 50 ғимарат бар. Соның бесеуі Алматыда, қалғандары Астанада орналасқан. Ал, Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең биік ғимарат – Abu Dhabi Plaza. 75 қабаттан тұратын ғимарат 2021 жылы пайдалануға берілді. Аумағы 5 мың шаршы метрді құрайтын кешен жалпы 5 ғимараттан тұрады. Соның бірінде бес жұлдызды американдық Sheraton қонақ үйі орналасқан.

Астана мен Алматыдағы ең биік 10 ғимаратты атап өтпекпіз.

**Суреттер: Крыша; Википедия; Facebook; capitalpartners.ws**

| Реттік саны | Ғимараттың атауы | қала | Биіктігі метр | Қабат саны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Абу-Даби Плаза» | Астана | *382* | *75* |
| *2.* | «Измурудний Квартал А» | Астана | *210* | *53* |
| *3.* | «Измурудний Квартал В» | Астана | *182* | *40* |
| *4.* | «Солтүстік шұғыла -1» | Астана | *180* | *44* |
| *5.* | «Қазақстан темір жолдары ғимараты» - КТЖ | Астана | *174* | *40* |
| *6.* | «Esentai Tower» | Алматы | *168* | *36* |
| *7.* | «Transport Tower» | Астана | *155* | *34* |
| *8.* | «Солтүстік шұғыла-2» | Астана | *152* | *39* |
| *9.* | «Хан шатыр» | Астана | *150* | |
| *10.* | «Гранд Алатау 3» | Астана | *144* | *43* |










## Ұлытау - тарих куәгері.

# Теректі Әулие петроглифтері

Орталық Қазақстандағы тасқа бейнелеу өнерінің көне ескерткіші. Теректі әулие – Жезқазған қаласынан 85 шақырым жерде, Теректі станциясынан – солтүстік-шығыста 20 шақырым жерде орналасқан.

Теректі әулие – тарихи өткеннің өзіндік ерекшелігі бар ескерткіш. Мұнда ежелгі адамдар өмірінің көптеген аспектілерін (материалдық, рухани, әлеуметтік) қайта елестетуге мүмкіндік беретін, маңызды деректер көзі болып табылатын тасқа қашалған бейнелер орналасқан. Бұл бейнелер аласа ғана қызыл қоңыр бес-алты төбешіктерде қоныс тепкен.

XX ғасырдың 40-шы жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі академик Ә.Х.Марғұлан осы ескерткішке алғаш назар аударып, қыскаша сипаттама береді. Теректі әулиені кешенді зерттеуді 1996 жылдан Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізді, жетекшісі З.С.Самашев болды. Теректі әулие археологиялық кешені тасқа бейнеленген суреттерден, неолиттік тұрақтардан, қола дәуірінің қоныстары мен некропольдарынан тұрады. Суреттер тас немесе металл құрылғылармен қашалған. Суреттер ежелгі адамдардың көшпелі өмірінің көрінісі негізі болып табылады. Аң аулауға, жабайы аңдарға мен Күнге табынушылықты суреттейтін бейнелер де бар.

Теректі-Әулиеге қатысты көптеген аңыздар бар, сондықтан да қажылыққа барып тәуап етушілер және мистикамен әуестенушілер бұл жерде жиі болатын қонақтар. Жалпы саны бұл жерде 300-ге жуық тас бетіне қашалған суреттер бар. Оның 200-ге жуығы жануарлардың бейнесі. Жалпылама айтар болсақ, Теректі әулие петроглифтері: қола дәуірі біздің заманымыздан бұрынғы 2–1 мың жылдықтың басы; скиф-сібір дәуіріне біздің заманымыздан бұрынғы XII — біздің заманымыздың I ғасырлары және орта ғасырға жатады. "Аң стилі" дегеніміз аңдар мен аңыздағы ғажайыптарды бейнелеуді айтады. Негізінен сәндік тақырыпқа қолданылатын қол өнер жанры. б.з.б VIII ғасырда пайда болып негізінен Еуразияның далалы аймақтарына тараған.

«Теректі әулие» гранит қырқалар кешенінің адамзат тарихының ашылмай жатқан беттерін атқаруға септігі тиюі әбден ықтимал. Төбешіктердің үстінде де, қапталдарында да белгілі бір заңдылықпен бедерленген қосақталған түйеден бастап, жалаңаяқ адамның ізіне дейінгі таңбалар көптеп кездеседі... Солардың ішінде жылқы көп бейнеленген.Себебі жылқы көшпенділер өмірінде үлкен маңызға ие болып, ішсе сусын, мінсе көлік, жесе азық болған. Еуропалық отырықшылардың атқа мінген көшпенділерді кентаврға теңеп, зәре-құты қалмай қорыққаны тарих беттерінен бәрімізге аян...

Ал бүгінгі ғылым үшін, «Теректі әулие» - әзірге тылсым сырын ішіне бүгіп жатқан әлемде теңдесі де, ұқсас сыңары жоқ жәдігер. «Теректі әулиедегі» сурет-





тер (пиктограмма,петроглифтер) тас бетінде қашалып салынған. Тастардың мұқият өңделгені соншалық, олардың беттері күні бүгінге дейін айнадай жалтырайды.

Тас бетіндегі жылқы мен әр түрлі іздерді жергілікті халық әулиенің табаны тиген жер деп атап кеткен. XI ғасырдың ғұлама ғалымы, 973-1049 жылдары өмір сүрген әл-Бируни Теректі жеріндегі тастағы іздер Әзірет Әли мен оның тұлпары - Дүлдүлдің іздері деп жазып кеткен. Әзірет Әлі Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, мұсылман дініндегі халифалардың төртіншісі.

Тарихи тұлға болған Әзірет Әлі 661 жылы қаза болғаннан кейін, оның бейнесі аңыз-әпсанаға айналған. Шығыс бейнелеу өнерінде Әзірет Әлі қасиетін көрсететін белгілері - басының сыртын коршаған жалынмен, қолындағы Мұхаммед пайғамбардан мұраға қалған ұшы айыр қылыш -Зұлпықармен (бұл қылыш бүгінде Стамбулдың Топ Капы музейінде сақтауда тұр) жауынгерлік аты -Дүлділмен бейнеленеді. Қазақ батырлары жорықтар мен соғыстардағы жекпе- жекке шыққанда басқа пірлерімен бірге Әзірет Әлінің де есімін атап, сыйынып қолдау сұрайтын болған.

Оның Теректі жеріне тұяғы тиген деген Дүлдүл тұлпары-жылқы тұқымының ең асылы болып саналып, қасиетті деп танылған. Тастағы мүсіндердің ермек үшін салынбағаны, олардың осы өңірде құтты қонысы еткен ежелгі адамдардың тыныс-тіршілігі мен наным – танымынан түсінік беретіндігі ақиқат.

Сонымен қоса Теректі әулие материалдары ірі археологиялық қорды құрайды. Тас бейнелерін зерттеу тек қана халқымыздың өткен өмірін қолмен ұстап көзбен көруге мүмкіндік беріп қана қоятындығымен маңызды емес. Сондай-ақ, бұл біздің мәдениетіміздің, бабаларымыздың рухани байлығы, құн жетпес қазынасы, келешек ұрпақтарға қалдыруға болатын бай мұрасы екені анық.

**Дайындаған: Олжас БЕРКІНБАЕВ,**
**Суреттерді түсірген: Максим Рожин.**
**«Қазақстан тарихы» порталы**







✍«Махаббат, достық, бауырмалдық - адамның ең бір асыл қасиеттері».

**Ғабит Мүсірепов**

✍«Сын сағатта, ауыр күндерде бауырмалдық пен ынтымақтастық нығаяды, бекиді, қатая түседі».

**Бауыржан Момышұлы**

✍«Барлық адаммен дос адам, ешкімнің досы емес».

**Аристотель**

✍«Мінсіз дос іздеген доссыз қалады».

**Әл – Фараби**

✍«Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен».

**Әл – Фараби**

✍«Екі адамның бір - біріне шын ықылас пен қалтқысыз қызмет етуі, не араларындағы адал махаббаттың, не асыл достықтың арқасы».

**Әзілхан Нұршайықов**

✍«Жұрттың бәріне бірдей дос боламын дегендер ешкімге де дос бола алмайды».

**Омар Хайям**

✍«Байлықтан артық достық бар, достықтан артық байлық жоқ».

**Тоқсары**

✍«Қиындықта қол бергеннен асқан берік достық жоқ».

**Тоқсары**

✍«Қанмен бекітілген достықты жаннан безген жаман бұзады».

**Тоқсары**

✍«Жақсымен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елпектеп...
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп».

**Махамбет Өтемісұлы**

✍«Кіммен жүргеніңе, кіммен дос болғаныңа мұқият бол. Өйткені бұлбұл гүлге, қарға қоқысқа жетелейді».

**Жалаладдин Руми**

✍«Үнсіздік – ұлы дос, ол ешқашан саған опасыздық жасамайды».

**Конфуций**

✍«Бүкіл әлемде адам баласы қаншалықты мол болса, соншалықты жалғыз – оны жалғызсыратпайтын айрылмас адал досы - өзінің ОЙЫ ғана».

**Оралхан Бөкей**

✍«Қиын күнде қол ұшын берген - нағыз дос,
Жайшылықта доспын деген - жай сөз».

**Саиф Сараи**

✍«Көңіліңе қарай - дос таңда, күшіңе қарай - жүк таңда».

**Жүсіп Баласағұни**

**«Білімділер» сайты; Oilar.kz**
**Сурет: «Ақмешіт жастары»**






Farabi shákirti

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



# Президент посетил Центр настольного тенниса в Усть-Каменогорске

Программу рабочей поездки Касым-Жомарта Токаева в Восточно-Казахстанскую область продолжило посещение Центра настольного тенниса.

Как сообщили Главе государства, центр был создан на базе областной специализированной детско-юношеской спортивной школы олимпийского резерва по настольному теннису. Здесь проводятся крупные соревнования, спортивно-массовые мероприятия и учебно-тренировочные сборы, а также профессиональные занятия спортсменов инваклуба, шоудаун и воспитанников детского дома «Үміт».

Здание оснащено профессиональными теннисными столами, силовыми тренажерами и спортивным инвентарем. В центре имеется врачебно-физкультурный диспансер, в котором установлено новейшее физиотерапевтическое и реабилитационное оборудование для восстановления спортсменов после соревнований и травм.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о достижениях региона в данном виде спорта. В прошлом году команда области победила на открытом чемпионате Казахстана.

Президенту также рассказали о возможности создания Академии настольного тенниса с целью обмена опытом и повышения спортивного мастерства.

Глава государства осмотрел спортивные арены и побеседовал с воспитанниками детского дома «Үміт». Он поручил акиму области держать на особом контроле состояние воспитательного учреждения и обеспечить воспитанников жильем.

– Рад вас видеть. Что касается данного Центра, то он, действительно, удался. Все систематизировано. В целом, игра в настольный теннис полезна с точки развития координации и спортивных качеств, – сказал он.

Касым-Жомарт Токаев подарил Центру автобус и пожелал юным спортсменам успехов.

**Akorda.kz**



**В Астане завершился крупнейший в центральной Азии чемпионат по робототехнике. В нем приняли участие более 3000 школьников из 5 стран мира. За звание лучших боролись 200 команд, получивших квоты в ходе отборочных чемпионатов по Казахстану и за его пределами.**




**Команда «Shym Side» из города Шымкент**

Чемпионат проходил в трех возрастных категориях в рамках всемирной программы FIRST: FLL Explore (6-10 лет), FLL Challenge (10-16 лет) и FIRST Tech Challenge (12-18 лет). Помимо игры роботов, чемпионат включает в себя конкурс инновационных проектов и судейские сессии.

По итогам в возрастной категории FLL Explore (6-10 лет) путевку в американский Хьюстон выиграла команда столичной школы Quantum STEM School «IQRobots». Первое место – команда «Очень умелые капибары» школы LEAS г.Алматы, второе место – команда «Billion team» школы Robopark г.Экибастуз, третье – команда «Ренессанс» школы Сатурн г.Павлодар.

В возрастной категории от 10 до 16 лет FLL Challenge путевку в Хьюстон выиграла команда «Shym Side» из города Шымкент. I место – команда «Stay Hydrated» БИЛ г.Астана, II – команда «Toro doro» 125 High School г.Уральск, III – команда «Ro alemi» БИЛ г.Семей.

В категории от 12 до 18 лет FIRST Tech Challenge путевки в Хьюстон выиграли две команды: «Bolt.m3» РФМШ, «Yaku» НИШ ФМН из города Алматы.




Путевки в Лондон выиграли команды: «Жамакаев» НИШ ФМН г. Алматы, «124» школы №124 г.Алматы, «Queue» БИЛ г.Алматы.

Дополнительно индивидуальные приглашения в Хьюстон, согласно всемирному рейтингу выдающихся школьников «Dean's list» получили: Айша Алмат из команды «Quant» города Астаны и Томирис Онгарбек из команды «124» города Алматы. Также по результатам очных интервью выделено 28 грантов для обучения в казахстанских и зарубежных вузах.

Организаторы Central Asia FIRST Championship: управление образования Астаны, РНПЦ «Дарын» и ОФ USTEM Foundation при поддержке Министерства просвещения РК и акимата Астаны.

**Официальный сайт**
**Министерство просвещения РК**

**В честь Дня благодарности во всех организациях образования страны проведен массовый челлендж «Отаным, саған мың алғыс!». В мероприятии приняли участие почти 2,5 миллионов школьников, около 20 тысяч студентов колледжей, 250 тысяч педагогов и 50 тысяч родителей.**




Цель - воспитание патриотизма, уважение к общечеловеческим ценностям, нравственных чувств, трудолюбия, творческого отношения к учению, труду, жизни. Формирование ценностного отношения к природе, окружающей среде.

В рамках челленджа были проведены единые классные часы для учащихся 1-11 классов всех организаций образования. Среди школьников проводился конкурс сочинений «Алғыс айту – парызың...». Также была организована декада уроков «Тарих ғибраты», посвященных теме благодарности. В рамках этих уроков ученикам были показаны примеры благодарности в истории и представлены исторические факты, демонстрирующие важность благодарности в жизни общества.

Под рубрикой «Отаным, саған мың алғыс!» показаны поздравления, подготовленные организациями образования через местные телеканалы. В рамках этих уроков ученикам были показаны примеры благодарности в истории, демонстрирующие важность благодарности в жизни общества.

**Сайт Министерство Просвещения РК**

# ШКОЛЬНИЦА ИЗ ТАЛДЫКОРГАНА РАЗРАБОТАЛА ГОВОРЯЩИЙ САМОУЧИТЕЛЬ ШРИФТА БРАЙЛЯ

Говорящий самоучитель шрифта Брайля на трех языках создала ученица 10-го класса одной из школ Талдыкоргана, сообщает «24KZ».

Он работает от аккумулятора и имеет два режима озвучивания: буквенных и цифровых символов, математических знаков и знаков пунктуации. По словам Дианы Хасимовой, устройство подходит для использования в учебных заведениях инклюзивного направления и социальной адаптации людей с инвалидностью по зрению.

В области Жетісу насчитывается около 2 тысяч жителей, которых может заинтересовать данный девайс.



Диана Хасимова, автор проекта: - Он дает возможность быстро изучить шрифт Брайля. Человек, зная все три языка и математические действия, способен прочитать книги, и это намного облегчит его обучение.

Куаныш Капанов, руководитель общественного объединения: - Через аудиостудию мы плоскопечатную книгу будем переводить на аудиоформат. Благодаря этому, все незрячие люди области будут читать нашу книгу. Будут образованы и расширять свой кругозор.

**www.24.kz**

# ИНТЕРЕСНЫЕ ФАКТЫ О КНИГАХ

**В своей книге «Краткие ответы на большие вопросы» (2018) писатель, директор по научной работе Центра теоретической космологии Кембриджского университета Стивен Хокинс утверждает: «Если вы будете складывать новые публикуемые книги в ряд, при нынешних темпах производства вам придется двигаться со скоростью девяносто миль в час (~145 км/час. - Прим. ред.), чтобы не отставать от конца линии». Чтение, несмотря ни на что, остается самым популярным в мире хобби, так что мы собрали для вас кое-какие интересные книжные факты: от истории про самую большую библиотеку в мире до происхождения термина «книжный червь».**

## САМАЯ ПОПУЛЯРНАЯ КНИГА

Хотя точное количество проданных экземпляров посчитать невозможно, Библия, впервые опубликованная в 1450-х годах, без сомнений, является самой продаваемой книгой всех времен. Опрос, проведенный Библейским обществом, показал, что в период с 1815 по 1975 год было продано более 2,5 миллиарда экземпляров. С тех пор эти цифры, по всей видимости, удвоились.




Ну а среди современных книг особняком стоит серия о Гарри Поттере, первый роман которой, «Гарри Поттер и философский камень», был опубликован в 1997 году; к январю 2020 года сага Джоан Роулинг продалась тиражом более 500 миллионов экземпляров. Она также переведена на 80 языков, при этом первая книга серии остается одним из самых популярных романов в истории.

Кстати, популярности этих книг не помешали никакие запреты: Библия запрещена в 52 странах, а у «Гарри Поттера» не все гладко в Америке — католическая школьная политика запрещает «пропаганду» магии, заклинаний и проклятий.

## КНИЖНЫЕ ЧЕРВИ

Ироничное или пренебрежительное прозвище книгочея, проводящего все свободное время за этим занятием — «книжный червь», — не появилось из ниоткуда, хотя на самом деле нет ни одного вида червей, который мог бы питаться страницами. Однако некоторых насекомых, способных вредить книгам, действительно так называют. К ним относятся, например, несколько видов моли и жуки-точильщики. Эти насекомые с удовольствием поедают переплеты и бумажные листы.



Раньше прозвище «книжный червь» считалось оскорблением: так называли эгоцентриков, которые предпочитали общению с людьми книги. Сегодня же это скорее безобидное прозвище особо увлеченных любителей книг: такие люди могут сесть и прочитать словарь просто чтобы что-нибудь почитать.

## САМЫЙ ДЛИННЫЙ РОМАН

Роман «В поисках утраченного времени» («À la recherche du temps perdu», фр.) был написан французским писателем Марселем Прустом и опубликован в



семи томах, выпущенных в период с 1913 по 1927 год.

Первая часть, «По направлению к Свану» («Du côté de chez Swann», фр.). была отвергнута издателями, поэтому Пруст решил издать книгу сам. Его отец был великим доктором, успешно победившим холеру во Франции, и Пруст как-то сказал: «Если бы я мог принести человечеству столько же пользы книгами, сколько мой отец сделал своей работой».

Семь томов этого романа содержат 1 267 069 слов, а предполагаемое количество используемых символов составляет 9 609 000 (с учетом пробелов). Кстати, это вдвое больше, чем количество слов в «Войне и мире».

## САМАЯ БОЛЬШАЯ БИБЛИОТЕКА В МИРЕ

Библиотека Конгресса, расположенная в Вашингтоне, является самой большой библиотекой в мире. Она была основана в 1800 году после того, как новое национальное правительство было перемещено из Филадельфии в Вашингтон. Актом Конгресса на покупку книг было выделено 5000 долларов, однако в 1814 году



здание Капитолия было сожжено, и основная коллекция из 3000 томов погибла в огне. В следующем же году Конгрессу передали книги из личной библиотеки Томаса Джефферсона, в которой насчитывалось 6487 книг.

Сегодня в библиотеке Конгресса — три здания, соединенных подземными переходами: здание Томаса Джефферсона, здание Джона Адамса и мемориальное здание Джеймса Мэдисона. Фонд библиотеки составляют более 38 миллионов книг на 470 языках, а общая длина книжных полок достигает почти 1200 км. Каждый день в коллекцию добавляется около 10 000 томов.

## ПЕРВАЯ КНИГА, НАПИСАННАЯ НА ПИШУЩЕЙ МАШИНКЕ

Историки сходятся во мнении, что «Жизнь на Миссисипи» Марка Твена (1882) была первой машинописной рукописью, отправленной издателю. В своей автобиографии Марк Твен не только гордится тем, что «был первым человеком в мире, у которого когда-либо




был домашний телефон», но и с гордостью утверждает, что «был первым человеком в мире, который применил печатную машинку в литературе».

Твен случайно называет «Приключения Тома Сойера» первой такой книгой, и эту информацию можно часто встретить в различных статьях. Однако историк пишущих машинок Дэррил Рер утверждает, что именно «Жизнь на Миссисипи», написанная на «Ремингтоне № 2», была первой.

27-летняя американка Келли Симмс недавно нашла первое издание этого романа в простом букинистическом магазине. Купленная за 5 долларов книга имеет рыночную стоимость в 3000, но владелица утверждает, что не продаст книгу ни за какие деньги. «Настоящая стоимость книги — интересная тема, но в конце концов это неважно. Эта книга бесценна для меня из-за своего возраста и моей радости от того, что я ее нашла».

## САМЫЙ БОЛЬШОЙ БИБЛИОТЕЧНЫЙ ШТРАФ

Самый большой в мире штраф за просроченную библиотечную книгу, попавший в Книгу рекордов Гиннесса, составляет 345,14 доллара (203,29 фунта стерлингов) — эта сумма выросла из пени по 2 цента в день за книгу детских стихов «Дни и дела». Штраф был выписан в Публичной библиотеке Иллинойса, США. Книгу должны были сдать 19 апреля 1955 года, но лишь 47 лет спустя ее обнаружила в доме своей матери жительница Иллинойса. Чек с причитающейся за просрочку суммой был подарен библиотеке.

Самой библиотеке 145 лет, она была открыта в 1875 году. Если бы книгу взяли тогда, штраф мог бы превысить 1000 долларов. К слову, сегодня 92% библиотек в США налагают штрафы, которые должны напоминать читателям об их ответственности.

**Перевод: ГодЛитературы.РФ**
**Оригинальный текст и фотографии: listverse.com**



# The Fox and the Stork

The Fox and the Stork storyOne day, a selfish fox invited a stork for dinner. Stork was very happy with the invitation – she reached the fox's home on time and knocked at the door with her long beak. The fox took her to the dinner table and served some soup in shallow bowls for both of them. As the bowl was too shallow for the stork, she couldn't have soup at all. But, the fox



licked up his soup quickly.

The stork was angry and upset, but she didn't show her anger and behaved politely. To teach a lesson to the fox, she then invited him for dinner the next day. She too served soup, but this time the soup was served in two tall narrow vases. The stork devoured the soup from her vase, but the fox couldn't drink any of it because of his narrow neck. The fox realised his mistake and went home famished.

**Moral of the Story**

**A selfish act backfires sooner or later!**



# The Golden Touch

The Golden Touch story Once there lived a greedy man in a small town. He was very rich, and he loved gold and all things fancy. But he loved his daughter more than anything. One day, he chanced upon a fairy. The fairy's hair was caught in a few tree branches. He helped her out, but as his greediness took over, he realised that he had an opportunity to become richer by asking for a wish in return (by helping her out). The fairy granted him a wish. He said, "All that I touch should turn to gold." And his wish was granted by the grateful fairy.

The greedy man rushed home to tell his wife and daughter about his wish, all the while touching stones and pebbles and watching them convert into gold. Once he got home, his daughter rushed to greet him. As soon as he bent down to scoop her up in his arms, she turned into a gold statue. He was devastated and started crying and trying to bring his daughter back to life. He realised his folly and spent the rest of his days searching for the fairy to take away his wish.

**Moral of the Story**

**Greed will always lead to downfall.**

# The Milkmaid and Her Pail

The Milkmaid and Her Pail storyPatty, a milkmaid milked her cow and had two full pails of



fresh, creamy milk. She put both pails of milk on a stick and set off to the market to sell the milk. As she took steps towards the market, her thoughts took steps towards wealth. On her way, she kept thinking about the money she would make from selling the milk. Then she thought about what she would do with that money.

She was talking to herself and said, "Once I get the money, I'll buy a chicken. The chicken will lay eggs and I will get more chickens. They'll all lay eggs, and I will sell them for more money. Then, I'll buy the house on the hill and everyone will envy me." She was very happy that soon she would be very rich. With these happy thoughts, she marched ahead. But suddenly, she tripped and fell. Both the pails of the milk fell and all her dreams were shattered. The milk spilt onto the ground, and all Patty could do was cry. "No more dream," she cried foolishly!

**Moral of the Story**

**Do not count your chickens before they are hatched.**

# When Adversity Knocks

This is a story that explains how adversity is met differently by different people. There was a girl named Asha who lived with her mother and father in a village. One day, her father assigned her a simple task. He took three vessels filled with boiling water. He placed an egg in one vessel, a potato in the second vessel, and some tea leaves in the third vessel. He asked Asha to keep an eye on the vessels for about ten to fifteen minutes while the three ingredients in three separate vessels boiled. After the said time, he asked Asha to peel the potato and egg, and strain the tea leaves. Asha was left puzzled – she understood her father was trying to explain her something, but she didn't know what it was.

Her father explained, "All three items were put in the same circumstances. See how they've responded differently." He said that the potato turned soft, the egg turned hard, and the tea



leaves changed the colour and taste of the water. He further said, "We are all like one of these items. When adversity calls, we respond exactly the way they do. Now, are you a potato, an egg, or tea leaves?"

**Moral of the Story**

**We can choose how to respond to a difficult situation.**

**https://parenting.firstcry.com/articles/top-20-short-moral-stories-for-children/**

**Катонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі.**
**Шығыс Қазақстан облысы.**
**2014 жылы саябақ ЮНЕСКО-ның ерекше қорғалатын мұра тізіміне енді.**

Дереккөзі: «Qazaq geography»; «Золотой Алтай»

